

«Ірі қара мал шаруашылығы» бағыты бойынша
«Ірі қара малдың төлін күтіп-бағу, азықтандыру» тақырыбында өткізілген
консультациялар туралы

ЕСЕП

Өткізу күні:
2025 жыл «4» қыркүйек

Консультация өткізу орны:
Жетісу облысы, Ескельді ауданы, Қарабулақ ауылы, КТ «Хильниченко и К»

Эксперт:


(қолы)

М.Б. Калмагамбетов

Басқарма Төрағасы – Ректордың
Бірінші орынбасары



П. Ибрагимов

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Мүйізді ірі қара мал төлінің қоректенуін, күтіп-бағылуын организмнің онтогенездік (жеке) даму заңдылықтарына сүйене отырып ұйымдастырады.

2) қойылған проблеманы немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс проблемалар шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;

Енесінің буаздық кезіндегі азықтандыруына тәуелді өтетін эмбрионалдық даму кезеңінен кейін жаңа туылған бұзау сыртқы орта жағдайларына бейімделетін алғашқы аптадағы уыздық кезеңін, одан кейінгі сүт бағытындағы тұқым бұзауының - 6, ал ет бағытындағы тұқым бұзауының 8 айлығына дейінгі сүттік кезеңін ажыратады.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсынымдарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Эмбрионалдық кезеңдегі дұрыс дамымай туылған бұзаудың кейінгі жеке дамуында эмбрионализм түріндегі даму ақаулықтары сақталады да, оның өнімділігі жете дамып туылған өз құрдастарыныңкінен (сверстники) кем түседі. Екінші жағынан, эмбрионалдық кезеңде жетіліп туылған бұзауды кейінгі постнатальдық кезеңінде дұрыс азықтандырмаса, инфантилизм түріндегі даму ақаулықтары сақталып, өнімділігі төмендейді.

Сүттік кезеңнен кейін жынысы бойынша жетілген таналарды өнімдік бағытына, яғни өсіру мақсатына (сүтгі сиыр өсіру немесе жедел жетілдіріп, бордақылап етке сою) сәйкес азықтандырады.

Шаруашылықтың табиғи-экономикалық жағдайы мен қалыптасқан жемшөп қорын ескере отырып, бұзау өсіріп-жетілдіру жоспары (план выращивания телят) құрастырылады да, соған сәйкес бұзау өсіру әдісі:

1) Енесіне теліп, иіген сиырды сауу әдісі (подсосно-поддойный метод);

2) Бір мерзімде туылған 3-4 бұзауды арнайы бөлінген сиырға теліп өсіру әдісі (метод выращивания под коровами-кормилицами);

3) Уыздық кезеңнен кейін бұзауларды жалпы жиналған сүтпен емізу әдісі (метод групповой выпойки сборным молоком) белгіленеді.

Бұзаулар қай тәсілмен азықтандырылып өсірілетін болса да, оларды туылғаннан кейін міндетті түрде өз енесінің уызына қандыру шарт. Жаңа туылған бұзаудың кіндігін кесіп, кесілген жерін өңдеп, танауын тазартып, денесін буланған сабанмен ысқылағаннан кейін енесіне жалатады. Бұзауын жалаған сиырдың ас қорытуы дұрысталып, шуы тез бөлініп, йиді.

Бұзаулаған сиыр желінін жылы сумен жуып, шүберекпен сүртіп, құрғатып тазартады да, емшек үрпісіне жиналған сүттің алғашқы, микробтармен ыластануы мүмкін бөлігін жеке ыдысқа сауады. Содан кейін бұзауды енесіне теліп, уызымен ауыздандырады. Бұл оның иммундық жүйесін қалыптастырып, өміршендігін жетілдірудегі маңызы зор екенін ескеріп, өмірінің алғашқы күндері өз енесінің уызына қанығуын қадағалайды.

Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда бұзауға жаңа бұзаулаған басқа сиыр уызын ішкізеді.

Бұзауын жалаған сиырдың шуы тез арада бөлініп, жатыры жиырылып, ас қорытуы қалыптастырылады да, желіні йиді. Иіген желіннен алғашқы екі тәулікте бұзауға ішкізілетін 1-2 л уызды аз-аздап, 5-6 рет бөліп емізеді. 3-4-ші күні бұзауға уызды күніне үш рет бөліп емізіп, 5-6-шы күнінен құрамы біртіндеп сүтке айналған уызды тойғанынша емізеді де, сүттік кезенде бұзау өсіруге белгіленген азықтандыру жобасына көшеді. Бұзауға алғашқы айлары өсірудегі азықтандыру жобасы бойынша сүт береді де, оның мөлшерін біртіндеп азайтып, майсыздандырылған көк сүтпен (обрат) ауыстырады.

Барлық бұзау азықтандыру жобасы бойынша алғашқы күндерден бастап сүтке кальций-фосфорлық минералды қосындылар мен ас тұзын қосып береді. Жемнен басында ұнтақталып, қабығынан тазартылған сұлыға үйретіп, 2-ші айдан бастап оны бұзау азығына арнайы дайындалған жем қосындысы немесе құрамажеммен ауыстырады. Өндірістік құрамажем болмаған жағдайда ұнтақталып, тазартылған сұлы, жүгері ұны, бидай кебегі, күнбағыс пен зығыр күнжарасы секілді жеңіл қорытылып, жақсы сіңірілетін, қоректілігі мен құнарлылығы жоғары жем қосындысын жұмсайды. Жобадағы жоспарланған көрсеткіштерге жету үшін азықтандыруды жан-жақты толықтырып, өсіп, дамып келе жатқан төл организмнің мұқтаждығын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырады.

Ірі сүт шаруашылығында, негізінен, бұзауды уыздық кезеңінен кейін жалпы жиналған сүттеп емізу әдісі қолданылады. Осы әдіспен өсірілетін бұзаудың тұқымына сәйкес сүттік кезең соңында жеткізілетін тірілей салмағы бойынша азықтандыруына жұмсалатын сүт мөлшерін азықтандыру жобасымен (схема кормления телят) белгілейді. Сүттік кезенде бұзау басына 180 кг сүт пен 200 кг көк сүт жұмсап, тірілей салмағын 125-130 кг-ға жеткізу көзделсе - № 1, 200 кг сүт пен 400 кг көк сүт жұмсап, тірілей салмағын 150-155 кг-ға жеткізу көзделсе - № 2, 250 кг сүт пен 600 кг көк сүт жұмсап, тірілей салмағын 160-170 кг-ға жеткізу көзделсе, № 3 азықтандыру жобасын қолданылады.

Жазғытұрым бұзауды бірінші айдан бастап көкшөп жеуге үйретеді де, оны бұзау азықтандыру жобасындағы аумақты жемшөптің (пішен, сүрлем, тамыржемістілер) орнына жегізеді. Желінген көкшөп көлемін бұзау басына 2-ші айда - 75-145 кг, 3-ші айда - 180-200 кг, 4-ші айда - 300-320 кг, 5-ші айда - 430-460 кг, 6-шы айда 530-560 кг көлемінде жоспарлайды. Қорытуына жеңіл болуы үшін бұзауға жегізілетін көк балаусаның бір бөлігін солдырып не кептіріп барып береді.

Тұқымға қалдырылған еркек бұзауларға кестелерде келтірілген ұрғашы бұзауларға берілетін жемшөп көлемін құнарлы жем есебінен 10-15% жоғары, тәулігіне 740-900 г қосымша салмақ қосатын деңгейде жоспарлайды. Ол үшін сүттік кезеңнің 6 айына еркек бұзау басына - 320-450 кг сүт, 600-1000 кг көк сүт, 220-230 кг пішен, 200 кг сүрлем, 100-120 кг тамыржемістілер, 200-220 кг құнарлы жем жегізіліп, жазда ірі және шырынды жемшөп орнына 800-900 кг көкшөп беріледі.

Сүтгік кезеңнен кейін жыныстық дамуы жетілген бұзауларды жынысы бойынша бөліп, тұқымға қалдырылған бастардан тыс еркек таналарды жеделдетіп жетілдіріп, бордақылауға қояды да, ұрғашы таналардан сүттілігі мол сиыр өсіруді нысаналап азықтандырады. Ол үшін аумақты жемшөпті көптеп жегізу арқылы олардың ас қорыту жолдарын мейлінше кеңітіп, сыйымдылығын арттырып, көп көлемде арзан аумақты азық жең, оны жоғары дәрежеде қорытып және игеріп, сүтке айналдыруға бейімдеп өсіреді.

Мүйізді ірі қара мал төлінің өсуі – 2-3 жасында (физиологиялық жетілуі), ал жетілуі 4-5 жасында (шаруашылық жетілуі) аяқталатындықтан, оның азықтандыруын осы мерзімдегі жеке өсіп-жетілуінің, яғни онтогенезінің биологиялық заңдылықтарын жете ескере отырып жүргізу керек. Оны іске асыру үшін азықтандыруды тұқымдық ерекшеліктері, өсіру бағыты мен сақайғандағы тірілей салмағына жеткізетін өсу жоспарына сәйкестендіреді. Сақайғандағы тірілей салмағы 500-550 кг тартатын сиыр өсіру үшін бұзаудың алғашқы 6 айдағы орташа тәуліктік салмақ қосымы - 650-700 г, 7-12 айдағысы - 550-600 г, 13-18 айдағысы — 600-800 г болып, тірілей салмағы 330-345 кг-ға жетуін қадағалайды. Тұқымдық еркек бұзаулардың бұдан да жоғары (850-950 г) орташа тәуліктік салмақ қосуын жоспарлап, 16 айлығында тірілей салмағын 400-500 кг-ға жеткізеді.

Ет бағытындағы мүйізді ірі қара мал тұқымының бұзауын 8 айлығына дейін енесімен бірге ұстап еркін еміздіріп өсіреді. Олардың өсіп-жетілуі мен салмақ қосуын жеделдету үшін 15-20 күннен бастап көкшөп, пішен, жем жеуге үйретеді де, оларға енесін емуімен қатар қосымша пішен, сүрлем, пішендеме, құнарлы жем қосындысын жегізеді. Олардың енесінің рационында да сүт бағытындағы сиырмен салыстырғанда тамыр жемістілер мен құнарлы жем мөлшері азайтылып, жергілікті ірі жемшөп көбейтіледі.

Қыс айларында бұзау қораларында температура 10-12 С° кем, ал ылғалдылығы 75-85%-дан артық болмауы керек. Жас малдың жақсы өсуіне жарық өте қажет, өсіресе ультракүлгін сәуленің әсері зор. Ультракүлгін сәуленің әсерінен организмде Д витамині пайда болады, ал қанда гемоглобин мен эритроциттің көбеюіне, минералды заттың алмасуына, қан айналысының жақсаруына әсер етеді. Әсіресе, жас мал күн сәулесі түсу кезінде жеткілікті мөлшерде болса өте пайдалы. Солтүстік және оңтүстік облыстарда күз және қыс айларында ультракүлгін сәуле жеткіліксіз болады. Ультракүлгін сәуле жеткіліксіз болса Д витаминінің түзілуі недәуір аз болады, соның салдарынан ас қорытуы нашарлайды. Мал сүйек, рахит және т.б. ауруларға шалдыққыш келеді. Күз және қыс айларында төлге ультракүлгін сәулемен әсер ету физиологиялық процеске жақсы әсер етеді. Бұзаулардың тәуліктік салмақ қосуы 15%-ға дейін артады, жемшөпті жақсы жейді, әрі сүйек тканы жақсы өседі.

Ультракүлгін сәуленің әсері нормадан аспауы керек. Егер ол нормадан артық болса, керісінше әсер етеді.

Төлдің өсіп-жетілуіне және өнімнің қалыптасуына, оларды уақытында серуендетудің маңызы зор. Мал серуендегеннен кейін азыққа деген тәбеті артады да, әрі ас қорыту да жақсарады. Көптеген жүргізілген тәжірибелер

бойынша серуендеуде көп болған 6 айға дейінгі бұзаулардың салмағы серуендеуде болмаған бұзаулардың салмағынан 8-15% артық болған. Етке арналған бұзауларды көп серуендетуге болмайды, өйткені энергия шығыны артып, оның салмағы кемиді. Ал сүтті бағыттағы тұқым төлдерін серуендету міндетті түрде орындалуы тиіс, себебі ол сүттің қалыптасуына әсер етеді. Үнемі серуендеуде болған тұмса сиырлар серуендеу жүргізілмеген аналық малдармен салыстарғанда сүті 15-20% артық болады.

4) кеңес беру фотосуреттері



